

# Ғылым мен білім биігіне самғаған

**Жантасов Құрманбек Тәжмаханбетұлы** 1947 жылы 27 қазанда Шымкент қаласында дүниеге келген, №12 М.Горький атындағы мектепте оқыған, 1966 жылы №36 бұрынғы В.И. Мичурин атындағы орта мектепті бітірген. Жастық шағынан бастап ғылымға деген құмарлығы мен білімге деген тынымсыз жауапкершілігінің арқасында өзінің 70 жылдығы қарсаңында «XX-XI ғасырлар Химигі», «КСРО химигі» және «Қазақстан Химигі» сияқты ірі атаққа ие болды және әлемге әйгілі ірі ғалымдардың қатарына қосылды.



Оның 80-ге жуық КСРО авторлық куәліктері, КСРО патенттері, Еуразиялық патенттер, Қазақстан Республикасының патенттері – инновациялық патенттер мен пайдалы модель патенттері көп жылғы ғылыми дамуы мен зерттеулерінің жемісі болып табылады.

1969 жылы Қазақ химия-технологиялық институтының 0832 – Электротермиялық өндіріс технологиясы мамандығына оқуға түсіп, инженер, химик, технолог біліктілігін алды.

1975 жылдың сәуірінде ҚазНИИГипрофосфорға жұмысқа орналасып, инженер, МНС, СНС, шикізаттың физика-химиялық қасиеттерін зерттеу, «Минералды шикізатты және жоғары температурадағы процестерді дайындау» лабораториясының меңгерушісі қызметін атқарды.

1986 жылы мамырда Ленсовет атындағы Ленинград технологиялық институтының нысаналы аспирантурасын мерзімінен бұрын сырттай оқып бітірді. Қазақстанды екінші Отаным деп санаған техника ғылымдарының докторы, профессор Вадим Андреевич Ершовтың жетекшілігімен 05.17.01 – Бейорганикалық заттар технологиясы мамандығы бойынша техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғап шықты.

1988 жылы оған бұрынғы КСРО жоғары оқу орындарында «доцент» ғылыми атағымен тең дәрежелі «Аға ғылыми қызметкер» ғылыми атағын алды.

1996 жылы ҚазХТИ-дің докторантурасына оқуға түсіп, ғылыми кеңесші ретінде 05.17.01 – ТНВ профессоры, фосфор өнеркәсібінің экологиялық проблемалары саласындағы белгілі ғалым У.И. Юнусовтың жетекшілігімен «Сары фосфор өндірісінде аз қалдықты және энергияны үнемдейтін технологияны өзірлеу және енгізу» диссертациялық жұмысын таңдап 1998 жылы қазан айында докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

2000 жылдың басында Қ.Т. Жантасов жаңа ғылыми бағыт алып, «Экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздігін арттыра отырып, химия, тау-кен өнеркәсібі және басқа да өндірістердің минералдық шикізаттары мен өндірістік қалдықтарын термохимиялық және химиялық байыту» ғылыми мектебін құрды, сонымен қатар мәдени өсімдіктердің тіршілік әрекетіне әсер етудің сапалық көрсеткіштерін жақсартатын өртүрлі қоспаларды енгізу арқылы ұзақ өсер ететін тыңайтқыш қоспаларын өндіру жолын дамытты.

Құрманбек Тәжмаханбетұлының жетекшілігімен көптеген студенттер, магистранттар, PhD докторанттар мен ғылыми дәрежеге үміткерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында өнертабыс деңгейінде заманауи және инновациялық технологияларға жол ашты.

Ғылыми мектебінің зерттеу бағыттарының жемісін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің көптеген гранттарының куәліктерінен көруге болады.

Профессор Қ.Т. Жантасовтың жетекшілігімен ХТНВ және БЖ және ЗОС мамандықтары бойынша 4 кандидаттық, 8 PhD докторлық, 40-тан астам кандидаттық және 5 PhD докторлық диссертациялар қорғалды, 500-ден астам ғылыми еңбектер, оның ішінде 40-қа жуық оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен электронды оқулықтар шығарылды, сонымен қатар Әдебиет және өнер туындыларын қорғау жөніндегі 67 мемлекеттің мүшесі бар авторлық құқық туындыларының № ЕС 01-002539 халықаралық депозитарийінен Берн конвенциясына (Берн, Швейцария) - 2 авторлық жұмысы алынды.

Қазіргі таңда Қ.Т. Жантасов: «Қазнигипрофосфор Институтының еңбек сіңірген ардагері» (1986), Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы ОҚО әкімдігінің Алғыс хатымен бірге Мемлекеттік сыйлықтың иегері (2005), Оңтүстік Қазақстан облысының ҮЗДІК ҒАЛЫМЫ (2005), «Университеттің Үздік педагогі» (2007 және 2014 ж.) «Ресей Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының ғылым және білімге еңбегі сіңген қызметкері» (Мәскеу, 2013 ж.), Оңтүстік Қазақстан облысы «Облысқа сіңген еңбегі үшін» медалі (2013), А. Нобель медалі (2014), Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясы президентінің шешімімен «Ғылым және білім берудің еңбек сіңірген қайраткері» (2013), «Ғылым негізін қалаушы» құрметті атағы (2014 ж.), «Еңбек және ғылым - еңбек және білім» ордені (2015), Ресей жаратылыстану академиясының Алтын медалі, тамаша Ғылыми жеңістер мен жетістіктер үшін Александр ордені (2015), «Білім беру ісінің құрметі қызметкері» (2015), «Химия өнерінің қызметкері» (2016), Оңтүстік Қазақстан облысының «Құрмет-АВ» қоғамдық бірлестігі берген «ХАЛЫҚ ҚҰРМЕТІ» медалі (2017), «Еңбек, әлеуметтік және экономикалық қорғаудағы ерекше еңбегі үшін» төсбелгісі, облыстың білім беру саласындағы құқық мүдделері, «Қарулы Күштерге 100 жыл» мерекелік медалі, «Бітімгер» медиаторлар қоғамдық бірлестігі, «Білім және ғылымға сіңірген еңбегі үшін» Ұлы Екатерина ордені (2020) және тағы да басқа ғылым мен білім жолындағы үлкен биік атақтардың иесі.

*Асқар таудау Нар тұлғайы азамат,  
Білім жолын таңдаған біз бағалап.  
Шығып талай биігіне ғылымның,  
Білім нәрін сусындатқан саралап,*

*Ғылым мен білім биігіне самғаған,  
Біліммен бірге өмір жолын жалғаған.  
Адал еңбекпен мақсатқа асқақ  
ұмтылып,  
Бар ғұмырын тек білімге арнаған.*

Қызығы мен қиындығы қатар жүретін өмірдің бұлтарысы көп, бұралаң ұзақ жолында таңдаған мамандығыңыздың қыры мен сырын шебер меңгеріп, бүгінде білім және ғылым жолында қалтқысыз қызмет атқарып келесіз. Сізді үлкенге ілтипатты іні, кішіге қамқор аға, қатарластарына адал дос бола білген ізгі жүректі азамат, еңбекте беделді маман, абыройлы жетекші, қаталдығы мен әділдігі жарасқан білікті басшы ретінде үлгі тұтамыз.

Сіз көп жылдан бері ғылым мен білім саласында тынымсыз еңбек етіп, осы жолда көп белес-биіктерден өткен жігерлі азаматсыз. Бойыңыздағы еңбекке адал, мақсатқа берік қасиеттеріңіздің арқасында білімнің қол жетпес асуларынан асып келесіз. Әріптестеріңіз Сізді ақылман басшы, іскер ұйымдастырушы, жарқын бастамалардың қолдаушысы ретінде ерекше бағалап, құрмет тұтады. Бүгінгідей мерейлі сәтте Сізге ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз бен табыстартуларыңыз арта берсін. Өрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Өзіңізге қонар бақтың баяндысын, бітер дәулеттің көл-көсірлігін, келер ырыстың молшылығын, шаңырағыңызға шаттықтың орнауын, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз!

Өрқашан осы жігерлі, қуатты қалпыңыздан таймай, өлі де талай асулардан аса беріңіз!

**Шәкірттері: «АКТ» кафедрасы  
Шаймерденова  
Гулдана Смахуловна,  
«ТҚ және ҚОҚ» кафедрасы  
Багова Зарина Илесовна**